

# ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Бірлігі жарасқан еліміз өзінің тағы да бір асқаралы кезеңі – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойына үлкен табыстармен келіп отыр. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелулы Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында сөйлемен сөзінде: «Ассамблея – ел бірлігін іс жүзінде орнықтыра түсетін тиімді құрылым. Бұгінде бұл – конституциялық мәртебесі бар маңызды қоғамдық орган. Ассамблея өте ауқымды қайырмадылық шараларын дер кезінде және жедел үйымдастырып келеді. Мұның бәрі көп жылдық жүйелі жұмыстың нәтижесі екені сөзсіз», – деп атап көрсеткен болатын.

Осынау айтулы мерейтойдың аясында республикамызда сан алуан танымдық, ғылыми басқосулар, конференциялар, дәңгелек үстелдер өткізіліп, ғылыми талдамалар жасалып жатыр. Әртүрлі платформалар мен пікірламасу алаңдарында Ассамблеяның ел дамуындағы орны мен атқарған қызметі таразыланып келеді. Сондай айтулы іс-шараның бірі жуырда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде өтті. «Ұлтаралық татулық пен ынтымақтастық – негізгі құндылығымыз» атты іс-шараның мақсаты ұлтаралық татулықты нығайту жолдарының ғылыми-теориялық негіздерін көңшиліктік сипатта дәлелдеу, сондай-ақ, Қазақстан қоғамында этностар арасындағы бейбітшілік пен өзара құрметті насиҳаттаудың теориялары мен әдістемелерін жасау және әртүрлі этнос өкілдері арасындағы келісімді сақтау және дамыту жолдарын талқылау болатын. Бұл іс-шара барысында қаты-

сушылар этнопсихология ғылымдарының жаңалықтарымен болісіп, этнос өкілдері арасындағы байланысты дамытудағы мемлекеттік тілдің маңызы мен рөлін ашып көрсетті, сондай-ақ, ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсету үшін Қазақстанның көпұлтты қоғамында ынтымақтастықтың негізгі құндылық ретіндегі рөлін айқындауға атсалысып, бірлік пен тұрақтылықты сақтаудағы әр этиностиң үлесін атап өтті. Оған қоса, бұл Ассамблеядағы жастардың рөлін анықтау мақсатында азаматтар арасындағы толеранттылық, достық және өзара түсіністік құндылықтарын ілгерілетудің әдістемелік негізі мен жолдарын анықтау болашақ үрпаққа этносаралық келісімнің маңызды екенін түсіндіру жолдары мен формаларын негіздеу сияқты келелі мақсаттарды алдына қойған дәңгелек үстел ретінде өтті.

Оның жұмысына 2 ғылым докторы, профессорлар, 10-ға жуық ғылым кандидаты, 6 ма-



гистр, Шымкент қалалық 2 этномәдени бірлестіктер төрагалары, «Қоғамдық келісім» мемекесінің бөлім басшысы, КР Мәдениет қайраткері және зорға жуық студент жастар қатысты.

Ғылыми тұрғыда мәні жағарғы конференцияда ҚХА кафедраларының республикалық «Шаңырақ» қауымдастырының төраймы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ ҚХА кафедрасының меңгерушісі, саяси ғылымдардың докторы Калашникова Наталья Павловна ZOOM жүйесі арқылы күттүкташ, М.Әуезов атындағы ОҚУ қызметіне жағары баға бере келе, қауымдастық атынан шынайы ризашылығын білдірді.

Иә, шындығына келер болсақ, оқу орнымыз Ассамблеяның идеялары мен бағдарламаларын қолдай отырып, білім алушылар арасында достық, толеранттылық және өзара құрмет мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударып келеді. Қазіргі таңда университеттің профессор-оқытушыларының 400-і, ал, студенттердің шамамен 2 мыңға жуығы әртүрлі этностардың өкілдері. Осындағы іргелі әрі көпэтности білім ордасында үйымдастырушылық қызметтің маңызы зор.

Сол себепті, университетте «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы мен «Тұлғаны дамыту және ҚХА» атты орталық жұмыс істейді. Бұл орталық республикалық «Шаңырақ» қоғамдық қауымдасты-

ғына мүшелікке енген.

Ұстаздан шәкірт озады деңдей, оқу ордамыздың осынау тамаша дәстүрін бойына сіңірген этнос жастары дипломдарын қолдарына алғаннан кейін кең-байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде өз орнын тауып, халықта қалтқысыз қызмет жасап жүр. Солардың арасында бірегейлері – Сенат депутаты, тарих мамандығының тулегі Сатвалдиев Әлішер Гапиржанович, 8-ші шақырылған Парламент Мәжлісінің депутаты Рожин Максим Николаевичті айта кетуіміз қажет.

Қазақстан – бейбітшілік пен бірліктің нышанына айналған ел. Өйткені, басты байлығымыз – мультимедиетті елдің ішкі татулығы мен бірлігі. Әртүрлі этнос өкілдерінің бір шаңырақ астында өзара түсіністік пен құрметке негізделген қарым-қатынас құруы – қоғамның басты құндылығы. Әрқайсымыздың мақсатымыз – осы құндылықтарды болашақ үрпаққа жеткізу, қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті сақтау болса, өткізілген дәңгелек үстелдің барысында оған қатысушылар осы маңызды ойды өз санаына түйіп алғандығы сөзсіз.

Г.ЖАНЫСБЕКОВА,  
тарих ғылымдарының  
кандидаты, М.Әуезов  
атындағы ОҚУ  
«Тұлғаны дамыту және  
ҚХА» орталығының  
басшысы